«6D030100 – Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Карипбаев Жасулан Болатбековичтің – «Кәмелетке толмағандардың кибер құқық бұзушылықтарын әкімшілік-құқықтық реттеу: ұлттық және халықаралық аспектілері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

№ п/п	Өлшем шарттар	Өлшем шарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Ж.Б. Карипбаевтың «Кәмелетке толмағандардың кибер құқық бұзушылықтарын әкімшілік-құқықтық реттеу: ұлттық және халықаралық аспектілері» атты диссертациялық жұмысы ҚР мемлекеттік бағдарламалары мен ғылымды дамытудың басым бағыттарына сәйкес келеді. Сонымен қатар диссертация келесі стратегиялық және салалық мемлекеттік құжаттарға толық сәйкес келеді: -Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасы; – «Қазақстан-2050» стратегиясы; -2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары; – 2023-2029 жылдарға арналған цифрлық трансформация, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және кибер қауіпсіздік саласын дамыту тұжырымдамасы; – 2024-2029 жылдарға арналған жасанды интеллектті дамыту тұжырымдамасы; – 2023-2029 жылдарға арналған жоғары білім және ғылымды дамыту тұжырымдамасы; - «Киберқалқан Қазақстан» кибер қауіпсіздік тұжырымдамасы (ҚР ҮҚ № 407, 30.06.2017); - «Балаларды онлайн-зорлықтан қорғау» ұлттық бағдарламасы (2025). Зерттеу мазмұны кәмелетке толмағандарды цифрлық қауіптерден қорғау, әкімшілік құқықты жетілдіру және ұлттық кибер қауіпсіздік саясатын нығайту бағыттарымен толық үндеседі.
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында	Ж.Б. Карипбаевтың диссертациясы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеу» бағытына

		орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	сәйкес келеді.
		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	
		3) **диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.**	
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға айтарлықтай елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған.	Зерттеу жұмысы кәмелетке толмағандардың кибер кеңістіктегі құқыққа қайшы мінез-құлқын әкімшілік-құқықтық тұрғыдан зерделеудің жаңа ғылыми бағытын қалыптастыруға үлес қосады. Диссертация ұлттық құқық жүйесінде алғаш реет жасөспірімдердің кибер құқық бұзушылықтарын дербес құқықтық категория ретінде ғылыми негіздеп, оның элементтері, құрылымы және құқықтық реттеу тетіктерін жүйелі түрде айқындайды. Зерттеу нәтижесінде әкімшілік жауаптылық, ата-аналардың міндеттері, интернет-провайдерлердің рөлі, цифрлық дәлелдемелерді қолдану тәртібі сияқты мәселелер жаңа теориялық деңгейде талданды.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі:	Диссертацияны өзі жазу деңгейі жоғары, берілген ақпараттар мағыналы, түсінікті. Ізденуші диссертациялық жұмысты орындау кезінде халықаралық, ұлттық нормативтік құқықтық актілерге ғылыми салыстырмалы талдаулар жасау, оларды өндеу және нәтижелерді талдау, ғылыми мақалалар жазумен жариялау кезінде дербес шешімдер шығару арқылы дербестіктің жоғары деңгейін көрсетті.
		1) **жоғары;**	
		2) орташа;	
		3) төмен;	
		4) өзі жазбаған.	
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	Диссертациялық зерттеудің өзектілігі диссертантпен толық негізделген. Диссертациялық жұмыстың өзектілігі – Қазақстанда

		1) **негізделген;** 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	кәмелетке толмағандардың кибер құқық бұзушылықтарын реттейтін құқықтық базаның жетілмегендігінен және халықаралық тәжірибені енгізу қажеттігінен туындайды. Автор бұл мәселені кешенді талдап, ғылыми және тәжірибелік тұрғыдан маңызды ұсыныстар ұсынады. Ізденушінің диссертациялық зерттеу жұмысын жазу барысында қол жеткізілген нәтижелердің барлығы да ғылыми негізделген және практикалық қажеттілігі дәлелденген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) **айқындайды;** 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертациялық жұмыстың мазмұны зерттеу тақырыбын толығымен айқындайды. Құрылым: кіріспе, 4 бөлім, қорытынды – әдебиеттер – қосымша; мазмұн мақсат-міндеттерге толық сәйкес. Диссертациялық зерттеудің кіріспе бөлімінде тарқырыптың өзектілігін, оның отандық және шетелдік ғалымдар мен зерттелу дәрежесі ұсынылған. Бірінші тарауда кәмелетке толмағандардың кибер құқық бұзушылықтарын анықтау мен жіктеу мәселелері жан-жақты қарастырылды. Екінші тарауда Қазақстан Республикасының әкімшілік-құқықтық реттеу жүйесі аясында кәмелетке толмағандардың кибер құқық бұзушылықтарына қатысты заңдылықтар зерттелді. Үшінші тарауда практикалық аспектілер қарастырылып, кәмелетке толмағандардың кибер құқық бұзушылықтарын алдын алу мен құқық қорғау шараларын жетілдіруге арналған нақты ұсынымдар әзірленді. Төртінші тарауда кибер құқық бұзушылықтарға қатысты әкімшілік-құқықтық базаны жетілдіру перспективалары қарастырды. Әр тарау тиісті қорытындылармен, диссертацияның қысқаша нәтижелерімен тұжырымдалып, қорғауға шығарылған тұжырымдармен дәйекті түрде байланыстырылған.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) **сәйкес келеді;** 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Автормен орындалған зеттеу жұмысы алдына қойылған мақсатқа жеткен, ғылыми тұрғыда маңызды және мазмұнды зерттеулер қатарына жатады. Диссертация тақырыбына негізделген мақсат толығымен зерттеу бағытына сай болып табылады

		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Ж.Б. Карипбаевтың диссертациялық зерттеуінде көзделген барлық бөлімдер өзара байланысты, логикалық бірізділікке ие. Құрылымдық жағынан жұмыс кіріспеден, төрт бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Аталған диссертация диссертациялық жұмысты рәсімдеу талаптары мен ережелеріне сай жазылған. Ғылыми зерттеу нәтижелері мен ұсыныстары негізді, әрі дәйекті.
		1) **<u>толық байланысқан;</u>**	
		2) ішінара байланысқан;	
		3) байланыс жоқ.	
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Автор зерттеу жұмысында шетелдік және отандық зерттеушілердің ғылыми еңбектері мен тарихи дереккөздерге сүйеніп, сыни талдау жүргізген. Автормен ұсынылған жаңа шешімдер дәлелденіп, ғылыми айналымда жүрген арнайы тұжырымдар мен қағидалар салыстырылып, ұтымды ұсынылған. Сыни талдау жасалына отырып, автор өз көзқарасын өзге ғалымдардың тұжырымдарымен негіздеп ұсынған.
		1) **<u>сыни талдау бар;</u>**	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдаужоқ	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңама?	Ж.Б. Карипбаевтың диссертациялық жұмысында ұсынылған қорытындылары мен тұжырымдары толығымен жаңа және ғылыми нәтижелерінің теориялық және тәжірибелік маңыздылығы жоғары. Кәмелетке толмағандардың кибер құқық бұзушылықтары алғаш рет ұлттық әкімшілік құқық шеңберінде дербес құқықтық категория ретінде ғылыми тұрғыдан негізделіп, оның құрамдас элементтері, түрлері және реттеу тетіктері жүйелендірілді. Цифрлық дәлелдемелерді әкімшілік іс жүргізуде қолдану, ата-аналардың құқықтық жауаптылығы мен міндеттерін шектеу, интернет-платформалардың рөлі сияқты аспектілер жаңа ғылыми қағидалар ретінде ұсынылды. Сондай-ақ халықаралық стандарттарды ұлттық құқыққа бейімдеу бойынша әзірленген ұсынымдар бұрын толық зерттелмеген бағытқа жаңаша ғылыми көзқарас береді.
		1) **<u>толығымен жаңа;</u>**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%- дан кем).	
		5.2 Диссертацияның	Диссертацияның қорытындылары жаңашылдыққа ие және

		қорытындылары жаңама? 1) **толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%- дан кем).	кибер кеңістіктегі жасөспірімдердің құқыққа қайшы мінез-құлқын реттеудің әкімшілік-құқықтық моделін жетілдіруге бағытталған жаңа ғылыми тұжырымдармен ерекшеленеді. Қорытындылар кәмелетке толмағандардың цифрлық ортадағы мінез-құлық ерекшеліктерін құқықтық тұрғыдан алғаш рет кешенді бағалап, әкімшілік жауаптылықтың тиімді шектерін, профилактикалық және тәрбиелік шаралардың үйлесімін анықтауды ұсынады. Бұл ғылыми шешімдер бұрын қолданыста болған теориялық көзқарастарды кеңейтіп, ұлттық құқықтағы құқықтық олқылықтарды түзетуге бағытталған.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) **толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%- дан кем).	Диссертацияда ұсынылған шешімдер жаңа және ғылыми негізделген. Әкімшілік іс жүргізуде цифрлық дәлелдемелерді (скриншот, лог-файл, электрондық хаттама) қолданудың техникалық және технологиялық процедураларын жетілдіру туралы ұсыныстар – қазіргі құқық қолдану тәжірибесінде нақты қажеттілікті өтейтін жаңа шешімдер. Интернет-платформалар мен өзара іс-қимылды реттеу, провайдерден ақпарат алу тәртібін нақтылау, кибер буллингтің алдын алуға бағытталған басқарушылық тетіктер – басқару деңгейінде тиімді және ғылыми дәлелденген ұсыныстар. Экономикалық тиімділігі цифрлық профилактикалық бағдарламалар мен онлайн-мониторинг тетіктерінің ұзақ мерзімде құқық бұзушылықтардың алдын алу шығындарын азайтумен негізделеді. Осылайша, диссертацияда ұсынылған шешімдер практикалық маңыздылығы жоғары, кешенді және заманауи талаптарға сай.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары	Ж.Б. Карипбаевтың диссертациялық зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелері мен жасаған ғылыми тұжырымдарының шынайылығы және негізделуі теориялық-әдіснамалық негізделуімен, жұмыстың ғылыми ақпаратының айқындығы мен, мақсат пен міндеттерінің қисындылығы мен, тұжырымдарының деректік дәйектелуімен негізделген.

		үшін).	
7.	Қорғауға шығарылған негізгі тұжырымдар	Әрбір тұжырым бойынша келесі сұрақтарға жеке-жеке жауап беру қажет: 7.1 Тұжырым дәлелденді ме? **1) <u>дәлелденді;</u>** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалдыма? 1) ия; **2) <u>жоқ;</u>** 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес 7.3 Жаңама? **1) <u>ия;</u>** 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; **3) <u>кең;</u>** 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	**Тұжырым 1:** Кәмелетке толмағандардың кибер құқық бұзушылықтары «әкімшілік-құқықтық» категория ретінде дербес қарастырылуы керек, осыған орай Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің (ӘҚБтК) арнайы баптарында (немесе тармақшаларында) «цифрлық деликт» ұғымының нақты критерийлері мен элементтері белгіленуі қажет. 7.1 <u>дәлелденді</u> 7.2 жоқ 7.3 ия 7.4 кең 7.5 ия **Тұжырым 2:** Цифрлық дәлелдемелерді (скриншоттар, лог-файлдар, электронды хаттар) әкімшілік сот өндірісінде ресми дәлел ретінде танудың процессуалдық тәртібін жетілдіру қажет: провайдерлер мен әлеуметтік желі әкімшілерінен ақпарат сұрату бойынша регламентті нақтылау, электронды құжаттарды растау әдістерін қатаң бекіту. 7.1 <u>дәлелденді</u> 7.2 жоқ 7.3 ия 7.4 кең 7.5 ия **Тұжырым 3:** Баланың жауаптылық шегі мен ата-ана міндетін ажыратып, тиісті нормаларды айқындау: 14-15 жастағы жасөспірімдердің кибербуллинг, алаяқтық тәрізді әрекеттері үшін кім және қандай көлемде жауап береді, ата-анаға қандай жағдайда айыппұл салу немесе тәрбиелік ықпал ету шараларын қолдану қажет екендігін нақтылау. 7.1 <u>дәлелденді</u>

		7.5 Мақалада дәлелденген бе? **1) ия;** 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	7.2 жоқ 7.3 ия 7.4 кең 7.5 ия **Тұжырым 4:** Халықаралық тәжірибе (АҚШ-тағы ата-ана жауапкершілігін күшейту ережелері, Германияның NetzDG заңы, Оңтүстік Кореядағы қосымша түзету бағдарламалары) негізінде Қазақстан заңнамасына бейімделетін нақты ұсыныстар әзірлеу: балаларды интернет-ортада қорғау үшін құқық қолдану органдары мен платформаларға өзара ынтымақтастық орнату тетіктерін енгізу, шетелдік тәжірибені ұлттық ерекшеліктерге бейімдеп қабылдау. 7.1 дәлелденді 7.2 жоқ 7.3 ия 7.4 кең 7.5 ия **Тұжырым 5:** Профилактикалық және тәрбиелік шараларды басым ету: кәмелетке толмағандарды қатаң жазалаудан гөрі оларға консультациялық, психологиялық, мінез-құлықты түзету бағытындағы бағдарламаларды кең ауқымда ұсыну механизмін заң жүзінде бекіту. Мұндай шаралар қайталанатын кибер құқық бұзушылықтардың азаюына ықпал етпек. 7.1 дәлелденді 7.2 жоқ 7.3 ия 7.4 кең 7.5 ия
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Диссертацияда қолданылатын әдіснаманы таңдау толық негізделген және зерттеудің мақсаты мен міндетіне сай келеді. Зерттеу жұмысының объективтілігін және дәлдігін қамтамасыз ететін бір қатар факторларға негізделген.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	**1) ия;**	

		2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми зерттеудің заманауи әдістерін және компьютерлік технологияларды қолдана отырып алынған. Зерттеу барысында жалпы ғылыми танымның әртүрлі әдістері, білім беру туралы ұлттық және халықаралық заңнаманы зерттеуде салыстырмалы-құқықтық әдіс, статистикалық талдау әдістері қолданылған.
		1) ия;	
		2) жоқ	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Диссертациялық жұмыста ұсынылған теориялық қорытындылар, ұсынбалы модельдер мен анықталған өзара байланыстар кешенді талдау нәтижелерімен, эмпирикалық материалдар мен және салыстырмалы-құқықтық зерттеулермен дәлелденген. Зерттеу барысында 2020-2025 жылдар аралығындағы ішкі істер органдарының ресми статистикалық деректері, әкімшілік істер бойынша сот тәжірибесі, кәмелетке толмағандардың қатысуымен жасалған кибер құқық бұзушылықтарға қатысты нақты мысалдар жүйелі түрде талданды. Бұл материалдар кәмелетке толмағандардың кибер кеңістіктегі мінез-құлқы мен құқық бұзушылық динамикасы арасындағы заңдылықтарды аналитикалық тұрғыдан негіздеді.
		1) ия;	
		2) жоқ	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге **сілтемелер мен расталған** /ішінара расталған / расталмаған.	Диссертациялық зерттеу жұмысында маңызды мәлімдемелер 200 атаудан тұратын нақты және сенімді ғылыми әдебиеттермен, мерзімдік басылымдармен және нормативтік актілерге жасалған сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз	Зерттеу жұмысында қазақстандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне жеткілікті дәрежеде шолу жасалған.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Диссертациялық зерттеудің теориялық маңызы кәмелетке толмағандардың кибер кеңістіктегі құқыққа қайшы мінез-құлқын

		1) бар; 2) жоқ.	әкімшілік құқық шеңберінде алғаш реет кешенді түрде қарастыруымен айқындалады. Жұмыста «кәмелетке толмағандардың кибер құқық бұзушылықтары» ұғымы ғылыми тұрғыдан нақты анықталып, оның негізгі элементтері, түрлері және құқықтық реттеу тетіктері жүйелендірілді. Әкімшілік жауаптылықтың шектері, цифрлық дәлелдемелердің құқықтық мәртебесі, ата-аналармен интернет-платформалардың рөлі туралы жаңа теориялық тұжырымдар қалыптастырылды.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: **1) ия;** 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыстың практикалық маңызы өте жоғары. Зерттеу нәтижелері әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнаманы жетілдіруге, кәмелетке толмағандарды интернеттегі қауіптерден қорғау саласында жаңа құқықтық тетіктерді енгізуге, құқық қорғау органдарының іс-әрекеттерін жетілдіруге нақты бағыт береді. Практикалық маңызы келесі аспектілермен расталады: - ӘҚБтК-ге кибербуллинг, онлайн алаяқтық және цифрлық құқық бұзушылықтардың жаңа түрлерін енгізу жөніндегі ұсыныстар заң шығармашылығында қолдануға дайын. - Цифрлық дәлелдемелерді жинау, рәсімдеу және бағалау тәртібін жетілдіру туралы ұсынымдар сот және әкімшілік іс жүргізу тәжірибесінде тікелей қолданылуы мүмкін. - Балалардың цифрлық мінез-құлқын алдын алу, ата-аналардың жауаптылығын айқындау және профилактикалық шараларды күшейту жөніндегі ұсыныстар білім беру ұйымдары, полиция, әлеуметтік қызметтер үшін әдістемелік негіз бола алады. - Интернет-платформалармен, операторлармен және провайдерлермен өзара іс-қимыл механизмдерін нақтылау туралы тұжырымдар киберқауіпсіздік саясатында өзекті. Жалпы алғанда, алынған нәтижелерді құқық қорғау қызметінде, сот тәжірибесінде, білім беру саласында, сонымен қатар ұлттық цифрлық қауіпсіздік стратегиясын іске асыруда қолдану мүмкіндігі өте жоғары.

		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%- дан кем)	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Диссертацияны жазу және ресімдеу сапасы жоғары. Зерттеу жұмысы осы сияқты жұмыстарға қойылған талаптарға сай орындалған.
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	
		4) төмен.	
11.	Диссертацияға ескертулер	Диссертациялық жұмысқа қатысты ескертулер мен кемшіліктер жоқ.	Диссертациялық жұмысқа қатысты принципті ескертулер мен елеулі кемшіліктер анықталған жоқ. Карипбаев Жасулан Болатбековичтің «Кәмелетке толмағандардың кибер құқық бұзушылықтарын әкімшілік-құқықтық реттеу: ұлттық және халықаралық аспектілері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы жоғары ғылыми-теориялық және практикалық деңгейде орындалған, мазмұны жағынан тұтас, логикалық тұрғыдан жүйелі әрі әдіснамалық негізделуімен ерекшеленеді. Сонымен қатар, цифрлық технологиялардың қарқынды даму үдерісін ескере отырып, зерттеудің жекелеген аспектілерін одан әрі тереңдету мүмкіндігі бар екендігін атап өткен жөн. Атап айтқанда, кәмелетке толмағандардың кибер құқық бұзушылықтарына қатысты ұғымдық аппараттың кейбір элементтерін қосымша нақтылау, сондай-ақ зерттеудің жекелеген қағидаларын қосымша статистикалық және эмпирикалық материалдармен нығайту жұмыстың ғылыми мазмұнын одан әрі байыта түсереді. Жалпы алғанда, аталған ескертпелер ұсыныстық сипатта болып табылады және диссертациялық жұмыстың ғылыми деңгейіне, мазмұндық тұтастығына, қорытындыларының негізділігіне және қорғауға ұсынылуына ешқандай әсер етпейді.

			Жалпы алғанда, аталған ескертпелер ұсыныстық сипатта болып табылады және диссертациялық жұмыстың ғылыми деңгейіне, мазмұндық тұтастығына, қорытындыларының негізділігіне және қорғауға ұсынылуына ешқандай әсер етпейді. Диссертациялық зерттеу өз алдына қойылған мақсаттар мен міндеттерге толықтай сәйкес келеді және алдағы ғылыми ізденістер үшін берік теориялық негіз қалыптастырады.
12.	Зерттеу тақырыбы бойынша докторанттың мақалаларының ғылыми деңгейі (единицалық мақалалар топтамасы түрінде диссертация қорғалатын жағдайда, ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбына қатысты әрбір мақаласының ғылыми деңгейін бағалайды).	Диссертацияда қамтылған негізгі ережелер мен тұжырымдар 10 жарияланған мақалада өз көрінісін тапты, оның ішінде: 1 – Scopus базасындағы халықаралық ғылыми журналда; 3 – Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда; 6 – халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар материалдарында жарияланған. Докторанттың диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша жарияланған ғылыми еңбектерінің деңгейі жоғары бағалануға лайықты. Жарияланымдардың мазмұны зерттеу мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келеді және кәмелетке толмағандардың кибер кеңістіктегі құқыққа қайшы мінез-құлқын әкімшілік-құқықтық тұрғыдан реттеу мәселелерін жан-жақты ашып көрсетеді.	
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгілік ереженің 28-тармағына сәйкес)	Карипбаев Жасулан Болатбековичтің «Кәмелетке толмағандардың кибер құқық бұзушылықтарын әкімшілік-құқықтық реттеу: ұлттық және халықаралық аспектілері» тақырыбындағы диссертациясы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің диссертацияға қойған талаптарына толығымен сәйкес келеді және оның авторы «6D030100 – Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санап, осының негізінде философия докторы (PhD) дәрежесін беру керек деген ұсыныс білдіремін.	

Ресми рецензент:
С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің Басқарма төрағасы-ректоры, заң ғылымдарының кандидаты, философия докторы (PhD), профессор

Төлеген Мұхтар Әділбекұлы